



**Өндірістік оқыту нұсқаушысы
Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары**

Білім, ғылым / Оқыту

Кәсіпорын: коммунальное государственное учреждение «IT школа-лицей села Талапкер отдела образования по Целиноградскому району управления образования Акмолинской области»

Еңбекақы: 100 000 бастап 120 000 теңгеге дейін

Толық жұмыс күні, тұрақты жұмыс, еңбек жағдайы қалыпты

**Бос жұмыс орны
туралы ақпарат**

- Аймақ Ақмола облысы / Целиноград ауданы
- Лауазымдық міндеті Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары:
- 2.1. мектептің материалдық-техникалық базасына толық жауап береді. Бұл мақсатта ол:
- мектепте шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырып, оны дамытуға басшылық жасап, бақылауға алады;
 - материалдық жауапкершілікті толық мойнына алады;
 - мектепті жаңа оқу жылына толық дайындайды
 - мектепте тұрақты температуралық режимді сақтауға, электр жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне жауап береді;
 - мектептің психологиялық-моральдық климатын сақтайды;
 - кабинет мүліктерін тексереді, қабылдайды;
 - қаржының және материалдық жабдықтардың өз уақытында дұрыс, тиімді жұмсалуды қадағалап, сараптайды;
 - материалдық-техникалық базаның жағдайына сараптама жасайды;
 - материалдық-техникалық базаның даму стратегиясын іріктеу мақсатында білім берудегі қаржылық жағдайдың өзгеру тенденцияларын қарастырып отырады;
 - шаруашылық жұмыстарының ағымдағы және перспективалық түрдегі жоспарын жасайды;
 - оқу бөлмелерін және басқа да орындарды өмір талабына сай жабдықтармен, оқытудың көрнекілік құралдарымен, ОТЖ-мен жаңартып отыруды ұйымдастырады;
 - мектептің санитарлық, өрт қауіпсіздігі және апатсыздық жағдайына, энергия көздерінің үнемді пайдаланылуына жауап береді, мектептің жылуы және жарық режимін сақтау шараларын ұйымдастырады;
 - техникалық қызмет көрсетуге, жөндеу жұмыстарына қажетті шаруашылық келісім-шарттарын уақытында талапқа сай жасауды ұйымдастырады;
 - материалдық-техникалық жабдықтармен, кеңсе заттарымен, жууға қажетті заттармен, жабдықтармен өз уақытында қамтамасыз етеді;
 - шаруашылық қызметкерлерін тиімді таңдауды, орналастыруды жүзеге асырады және олардың жұмыс кестесін жасайды;
 - материалдық-техникалық жабдықтау және техникалық қызмет көрсету бағыттары бойынша мектептің серіктестерімен келіссөз жүргізуіне қатысады;
 - мектептің материалдық-техникалық жабдықтауын жетілдіруге қабілетті жеке тұлғалармен, ұйымдармен мектеп атынан іскерлік байланыстар орнатады;
 - мектептегі өз қызметіне қатысты міндеттерді қадағалайды және бұйрық жобаларын жасайды;
 - мектеп ауласында көркейту-көгалдандыру жұмысын ұйымдастырады;
 - бірыңғай тізбеде көрсетілмеген, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі техникасы комиссиясының рұқсатынсыз (тиісті рұқсат актісіз) шеберханаларда, кабинеттерде қолдан жасалған жабдықтарды пайдалануға тыйым салады;
 - еңбек қорғау жұмысын ұйымдастырады, жарақатталу мен кәсіби сырқаттың алдын-алу шараларын жасайды;
 - өндірістік және энергетикалық жабдықтар, машиналар мен механизмдер, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;
 - материалды құнды заттарды жинақтау және сақтау технологиясының дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді, ауыр заттарды тасымалдау нормасын, тұрмыстық және қосалқы жұмыс орындарының санитарлық-тазалық жағдайын қадағалайды;
 - желдеткіш қондырғыларының дұрыс пайдаланылуы мен тиімді жұмыс істеуін

қамтамасыз етеді;

- нақты еңбек жағдайларын есепке ала отырып, әр жұмысшы және қызмет көрсетуші мамандық иелері үшін қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулар әзірлейді, кәсіподақ комитеті мен мекеме басшысына бекітуге ұсынады;
- тиісті органдармен бірлесіп, қазандар және су жылытатын құрылғылар, тығыз және сұйылтылған газ сақталатын ыдыстар, компрессорлар, электрлі қондырғылар және т.б. агрегаттар және қауіптілігі жоғары механизмдермен жұмыс істейтін адамдарды оқытуды ұйымдастырады;
- тікелей жұмыс орнында нұсқауларды бірнеше қайталап өткізеді, жұмысшының білімдерін тексереді, өз бетімен жұмыс істеуге рұқсат беріп, оны жұмыс орнындағы нұсқауларды тіркейтін журналға тізіп жазады;
- ғимараттарды, құрылыстар мен мекеме аумағын пайдаланудың қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария талаптарына сай болуын қамтамасыз етеді;
- мекеме аумағында адамдар мен көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
- жөндеу жұмыстарын, ғимарат пен жұмыс орындарындағы желдеткіш және жылу, электр, санитарлық-тазалық қондырғыларын, электрлі арматура, су құбыры мен желілік құдықтардың кезекті жөндеу жұмыстарын уақытылы ұйымдастырып отырады;
- су құбыры, газ құбыры, канализациялық арна, жылу және электр тораптарының жұмыс істеуін жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- мерзімді ішкі тексерулер, техникалық зерттеулер өткізуді ұйымдастырады су жылытқыштарды тазартып отырады;
- қалыптасқан нормаларға сәйкес жұмысшыларды арнайы жұмыс киімі, т.б. жеке қорғаныс құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді.
- арнайы жұмыс киімі, аяқ киімдерді жөндеу, дезинфекциялауды қамтамасыз етеді, оларды есепке алып, мұқият тексеруді ұйымдастырады.
- ғимараттар мен құрылыста өртке қарсы жабдықтардың болуын қамтамасыз етіп, өрт сөндіру құралдарының дұрыстығын тексереді.

Бос жұмыс орындар саны 1

Жұмыс іздеушіге талаптар

Мамандық бойынша өтілі 5 жыл

Кәсіби дағдылар Мүліктің сақталуын қадағалау;
Қауіпсіздік техникасы жүйесін құру және қолдау бойынша жұмысты үйлестіру;
Жылу желілерінің жұмыс тәртібін сақтау;

Білім деңгейі жоғары

Жеке қасиеті Жауапкершілік;
Ұқыптылық;
Тәртіптілік;

Кәсіпорын туралы ақпараттар

Қызметкерлер саны 100

Кәсіпорын туралы ақпарат «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Талапкер ауылының ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Байланыстағы тұлға Шакирова Бахыт Маратовна

Кәсіпорынның аймағы Ақмола облысы / Целиноград ауданы

Кәсіпорынның мекен-жайы Мұхтар Әуезов көшесі 23